

Қолдануға рұқсат етілген кәсіпшілік және кәсіпшілік емес балық аулау құралдарының түрлері мен тәсілдерінің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2025 жылғы 15 тамыздағы № 247 бұйрығы

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабының 11) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қолдануға рұқсат етілген кәсіпшілік және кәсіпшілік емес балық аулау құралдарының түрлері мен тәсілдерінің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың электрондық көшірмесінің Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің
міндетін аткарушы

A. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы
министрлігі міндетін аткарушы
2025 жылғы 15 тамыздағы
№ 247 бұйрығымен бекітілген

Қолдануға рұқсат етілген кәсіпшілік және кәсіпшілік емес балық аулау құралдарының түрлері мен тәсілдерінің тізбесі

№	Балық аулау құралдарының атауы	Балық аулау тәсілі	Қолдану мерзімі
1-тарау. Балық аулаудың кәсіпшілік құралдары			
		Аулау тәсілі қазықтың, зәкірдің көмегімен торлы	

1.	Желбезекті құрма аулар	қабырға түріндегі аулау құралын балық козгалысының жолына орнатылады. Торлы қабырғалардан өтпекші болған балықтар торлы ұяшықтарда тұрып қалады (ұяшықталу).	шектеусіз
2.	Желбезекті ығызба аулар	Балық аулау тәсілі жұмыс жағдайында өзен ағысы бойымен қалқып және жолда кездесетін балықты аулауга (ұяшықталу) негізделген.	шектеусіз
3.	Дрифтерлі ау	Балық аулау тәсілі жұмыс жағдайында аулар әлсіз ағыс немесе жел козгалысы бар су айдынында қалқып, оларға жақындаған балықты аулаумен сипатталады.	шектеусіз
4.	Коршайтын ау	Балық аулау балықтың торлы қабыргамен толық немесе жартылай қоршалуына негізделген.	шектеусіз
5.	Жібінің диаметрі 0,2 миллиметрден кем және ұяшықтарының мөлшері 100 миллиметрден кем (ұяшықтың конструктивтік аралығы 50 миллиметрден кем) синтетикалық нейлондық немесе басқа да полиамидті моножіптен және басқа да синтетикалық моножіптен машина тәсілімен немесе қолдан жасалған балық аулайтын, түйінді қоспағанда, кез келген модификациядағы балық аулайтын аулар	Балық аулау тәсілі торлы қабырға түріндегі аулау құралын балықтардың козгалу жолдарына орнатылады. Торлы қабырғалардан өтпекші болған балықтар торлы ұяшықтарда тұрып қалады. 2027 жылғы 1 қыркүйекке дейін	
6.	Тралдар	Балық аулау кеменің артындағы балық аулау құралын (трал) сүйрету арқылы жолда кездесетін балықты ұстаяуға негізделген.	шектеусіз
		Балық аулау тәсілі су айдынының бір бөлігіне	

7.	Тастама жылымдар	торлы кенепті лактыра отырып балық аулау болып табылады, кейін аулау құралы жағалауга немесе кеме бортына тартылады.	шектеусіз
8.	Су тұбі жылымы	Балық аулау тәсілі су айдынының түбінде тор қапты сүйреуге негізделген. Иріктеу кеменің бортында жүзеге асырылады.	шектеусіз
9.	Коршайтын жылым	Бұл тәсіл су айдындарының акваториясының ашық бөлігін балықпен бірге су бетінен түбіне дейін торлы қабырғамен коршауға негізделген. Процесс еki кемеден жүзеге асырылады. Тағы бір атауы – "аралық жылым".	шектеусіз
10.	Қалталы жылым	Негізгі айырмашылығы – балық шоғырын коршап алғаннан кейін торлы кенепті тартып алатын жылымның төменгі бөлігіндегі байлау кабелі. Ол негізінен үйірімен жүретін балық түрлерін аулау үшін қолданылады.	шектеусіз
11.	Сүзекі, сүретпе	Балық аулау тәсілі және іс-әрекет етупринципі тастама жылыммен бірдей. Негізгі айырмашылығы шағын өлшемде (100 метрге дейін) және су айдынының жағасына қолмен тартуында. Негізінен аумағы шағын, терең емес су айдындарында қолданылады.	шектеусіз
12.	Борттық қапсырма, конустық аулар	Балық аулау тәсілі балық аулау құралын кеменің бортынан балықтар шоғырған жердегі судың астына түсіруге негізделген. Балық аулау	шектеусіз

		принципі балыкты тарту үшін жарық көздерін пайдалануға негізделген.	
13.	Кұрма жылымдар, вентерлер	Балық аулау тәсілі балықтың кері шығуын қыындататын тар кіру түзілімдері бар ау құралдарына өздігінен кіруіне негізделген. Тұзактар екі топқа бөлінеді. Бірінші – құрма жылымдар, жоғары жағы ашиқ үлкен тұзактар. Екінші топ вентерлер – жоғары жағы жабық ұсақ тұзактар.	шектеусіз
14.	"Гигант" типті құрма жылым	Жоғарғы жағы ашиқ тұзак түрі. Балық аулау тәсілі белгілі бір акваторияда көпбұрыш түріндегі торлы кенепті стационарлық орнатуға негізделген. Аулауды шоғырландыру үшін бұрыштар алынбалы күттермен жарақталған.	шектеусіз
15.	Шаян аулагыштар	Тәсіл кері шығуы тарылту арқылы қын болатын бір немесе бірнеше өзара бөлшектенген торлы камераларга жемге түсетін шаяндарды жинауға және ұстаяуға негізделген.	шектеусіз
16.	Жайынды аулауга арналған арнайы құрал	Бір жағынан жүктің (зәкірдің) көмегімен түпке бекітілген сымнан немесе лескадан тұратын ілмекті қармақ, оның екінші ұшы су ағыны бойымен еркін қозгалатын жем ілінген ілмекпен аяқталады.	шектеусіз
17.	Кеме балық сорғы қондырғысы	Сору биіктігі 6 метрге дейін және белсенді әрекет ету радиусы 0,35 метрге дейін орталықтанған сорғысы бар балық сорғы қондырғылары жарыққа тарту арқылы (килька, майшабак) балықтар үйірін аулау үшін	шектеусіз

		колданылады. Жарықпен тартылған балық сорғы кондырғысының гидродинамикалық өріс аймағына түседі және кеменің бортына сорылады.	
18.	Эрлифтерлі кеме кондырғысы	Кеме түріндегі балық сорғы қондырғысы ауаны қолданумен және балықты көтеру үшін газ-ауа қоспасын жасаумен ерекшеленеді.	шектеусіз
2-тарау. Балық аулаудың кәсіпшілік емес құралдары			
19.	Қалқымалы қармақ	Ілмекті аулау құралы. Негізінен ашық суда қолданылады. Балық аулау тәсілі ілмекке ілінген жеммен балықты тартуға негізделген. Балық аулау қалқыма арқылы бақыланады, бұл балықтың қалқыманы жұтқанын білдіреді де, содан кейін балықты шығару керек.	шектеусіз
20.	Шыбындық қармақ	Шыбындықпен аулау тәсілі су бетінен шыбындар, инеліктер түрімен коректенетін балықтар үшін қалқымалы жемдерді пайдалану. Ол кішігірім өзендерде, шұңқырларда және күшті ағысы бар таяз жерлерде, көбінесе таулы жерлерде қолданылады.	шектеусіз
21.	Тұпті қармақ	Су түбінен аулайтын қармақ жылжымалы не стационарлық жүкпен, ілгектермен, сондай-ақ жемге арналған контейнермен жарақталған. Ол ашық судан, қыс кезінде мұз астынан балықтыкез келген қармақ түрімен қолданылады.	шектеусіз
		Балық аулау тәсілі ілмекке ілінген жемді (кішкентай тірі балық,	

22.	Тастама қармақ	құрт, жүгері) қолдануға негізделген. Ең көп таралған балық аулау қармағы.	шектеусіз
23.	Иілмелі қармақ	Балық аулау тәсілі жұмсақ пластик немесе резенке жолақтарынан жасалған "изеу" түріндегі балық қапқан кезде дыбыс беретін дыбыс бергішті қолдануға негізделген. Ол негізінен қыста мұздың астынан балық аулау кезінде қолданылады, бірақ ашық суда да қолдануға болады .	шектеусіз
24.	Шаян аулагыштар	Тәсіл кері шығуы тарылту арқылы қын болатын бір немесе бірнеше өзара бөлшектенген торлы камераларға жемге түсетін шаяндарды жинауға және ұстаяға негізделген. Шаян аулау саны бір балық аулауға үш данадан аспауы керек.	шектеусіз
25.	Воблерлер	Спиннингпен балық аулауға арналған қатты күйдегі көлемді жем.	шектеусіз
26.	Жерлица	Катушка немесе мотовиладан, балық қапқан кезде дыбыс беретін дыбыс бергіштен және ілмектен тұратын, тірі жемге балық аулаудың стационарлық құралы. Ол жыртқыш балыктарды (шортан, көксерке, үлкен алабұға) қыста аулау үшін қолданылады. Тәсілі тірі жемді ілмекке орнату.	шектеусіз
27.	Дөңгелек	Бұл тәсіл аулау жағынан жерлицаға барабар, бірақ ашық суда қолданылады. Балық аулау өзегі бар мотовил-дөңгелектен, қармақ баудан және (немесе) жіптен, сымнан жасалған баудан және	шектеусіз

		ілмектерден, іслмектерге орнатылған жемдерден тұратын қармақпен тірі жемге балық аулауға негізделген.	
28.	Блесна	Бұл бір немесе бірнеше ілгектер бекітілген пластина. Балық аулау тәсілібалықтың судагы мінез-құлқын имитациялау. Негізінен жыртқыш балықтарға бағытталған.	шектеусіз
29.	Мормышка	Дәнекерленген ілгегі бар шағын металл сүнгіру түріндегі жасанды жем.	шектеусіз
30.	Троллдар	Троллдар – бұл кеменің артына сұйретілген ілмекті балық аулау құралдары, онда балық аулаудың негізгі элементтері табиғи немесе жасанды жеммен (блесна) балық аулау ілмектері болып табылады.	шектеусіз
31.	Су астында аулауга арналған мылтық	Су астындағы аулау тәсілі балықты мылтықпен капрон с ы м ы м е н байланыстырылған жебемен атуға негізделген. Жеке және селективті балық аулауга арналған. Пневматикалық , сығылған ауаның күші мен созылған резенкенің күші бар.	шектеусіз

Ескертпе:

Балық аулау балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-1 бабының 28) тармақшасына сәйкес қабылданатын балық ресурстарын және басқа да су жануарларын, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеулер мен тыйымдар енгізу, оларды пайдалану орындары мен мерзімдерін белгілеу туралы шешімі негізінде жүзеге асырылады.